



«UIB КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ» ЖШС

Хаттама №4

Өту мерзімі 11.04.2025ж

Қатысқандар: 21

Қатыспағандар: 0

№4 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСІНІҢ

КҮН ТӘРТІБІ

№	Баяндама тақырыбы	Баяндамашы
1	Инструктаж жүргізу техника қауіпсіздігі	АӘД пәнінің оқытушысы Аутов Б.У.
2	Колледж – университет арасындағы қарым-қатынас. Мамандықтар сабақтастығы.	Арнайы пән оқытушылары Аубакирова И.А. Садыков А.А.
3	Әртүрлі мәселелер	Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова М.Т.

Тыңдалды:

1. Оқытушылардың жұмыс барысындағы техника қауіпсіздігі жайында, Алғашқы әскери пәнінің оқытушысы Аутов Бахтияр Усенович баяндап өтті. Оқытушылардың тек білім беруші ғана емес, сондай-ақ өз жұмыс орнынында қауіпсіздік ережелерін сақтауға міндетті тұлға екендігі жөнінде, бұл ережелердің денсаулықты сақтау мен жұмыс сапасын арттыруға бағытталғанын түсіндіре кетті. Баяндамада, жұмыс орнын ұйымдастырудағы қауіпсіздік ережелері, соның ішінде (электр қауіпсіздігі, өрт қауіпсіздігі, төтенше жағдай кезіндегі іс-әрекет), еңбек қауіпсіздігіне қатысты заңнамалық негіздер, алғашқы медициналық көмек негіздері туралы болды.
2. Келесі мәселе бойынша арнайы пән оқытушылары Аубакирова Индира Асылбековна мен Садыков Арман Аскарлович, өз баяндамаларын ортаға ұсынды. Баяндама тақырыбы: «Колледж – университет арасындағы қарым-қатынас. Мамандықтар сабақтастығы» жайында болды.

Баяндамада, артикуляциялық келісімдер және олардың маңызы, артикуляциялық келісімнің түсінігі жайында ұсынылды. Мамандықтар сабақтастығының түрлері. Оның ішінде 2+2 бағдарламалары, бірлескен интеграциялық бағдарламалары, мамандықтар сабақтастығының артықшылықтары атап өтілді. Сонымен қатар, колледж бен университет арасындағы сабақтастықтың ұқсастықтары мен айырмашылық тұстары және де сабақтастықты жетілдіру бойынша ұсыныстар қарастырылды.

3. Өртүрлі мәселелерде, қатаң есептілікті құжат – Теориялық оқу журналын толтыру туралы Директордың оқу - ісі жөніндегі орынбасары Исмагамбетова Майя Туралиевна таныстырып өтті.

Студенттердің өткізіп алған сабақтарын өтеуі жайында, сабаққа кешікпеу, сабақ үлгерімі секілді мәселелер бойынша, алда келе жатқан емтиханға қатысты ақпаратпен бөлісті. Осыған қатысты өзіндік ережелерімен таныстырып, топ кураторларына арнайы тапсырмалар берілді.

Осы тапсырмалар аясында студенттердің толық таныстырылуын және хабардар болуын топ кураторларына тапсырды.

“Интерьер дизайнері” мамандығы бойынша абитуриенттерді оқуға қабылдаудың шарттары туралы және шығармашылық емтиханды қабылдау ережелері туралы айтылды. Кеңес талқысына таныстырылды.

Шешімі:

1. Техника қауіпсіздігіне қатысты барлық ережелер, денсаулықты сақтау мен жұмыс сапасын арттыруға бағытталсын.
2. Жұмыс орнын ұйымдастырудағы қауіпсіздік ережелері сақталсын.
3. Еңбек қауіпсіздігіне қатысты заңнамалық негіздер ескерілсін.

4. Қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мақсатында білім алушыларға үлгі болу, төтенше жағдай кезіндегі әрекет ережелерін үйрету жүзеге асырылсын. Жауапкершілік Алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушысы Аутов Бахтияр Усеновичке жүктелсін.
5. Колледж деңгейінде оқытылатын мамандықтардың ЖОО деңгейінде жалғастыру мүмкіндігі қарастырылып, білім беру бағдарламаларының мазмұнына сараптама жүргізілсін.
6. Мамандықтар сабақтастығының түрлері, артықшылықтары және де колледж бен университет бірлесіп әзірлеген толыққанды оқу жоспары ескерілсін.
7. Колледж бен университет арасындағы сабақтастықты жетілдіру бойынша ұсыныстар қарастырылсын.
8. “Интерьер дизайнері” мамандығы бойынша абитуриенттерді оқуға қабылдаудың шарттары туралы және шығармашылық емтиханды қабылдау ережелері бекітілсін.

Педагогикалық кеңестің төрайымы:

Якенова Куралай Жумабековна_____



Хатшы:

Акимжанова Лавра Мадиджановна_____

